

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 696 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 302 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 696 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 27, 287-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу ережесінде:

3-тармақтағы "1 сәуірде" деген сөздер "1 тамызда" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жария етілген жылжымайтын мүлік объектісіне арналған техникалық паспортты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жылжымайтын мүлік орталықтары - республикалық мемлекеттік кәсіпорындары мен олардың филиалдары ресімдейді.";

17-тармақтағы "1 шілдеге" деген сөздер "1 қарашаға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*